

8. Кыргыз эл жомоктору. - Ф.: Кыргызстан, 1985.
9. Малов В. И. Загадки и тайны. – М.: Дрофа, 1995.
10. Мурзакметов А. Кызга сеп берүүнүн мааниси / «Шоокум» журналы № 11, 2016.
11. Сказки Западной Африки: Живой огонь. Пер. с англ. и фр. / Сост. Н. Тимофеевой и Ф. Мендельсона. – М.: Худож. лит., 1985.
12. Танзаган – отец алтайцев. Алтайские сказки. Записали и пересказали по-русски Анна Гарф и Павел Кучияк. – М.: «Худож. лит.», 1978.
13. Энциклопедия для детей. Т. 13. Страны. Народы. Цивилизации / Глав. ред. М. Д. Аксенова. – М.: Аванта+, 2000.



УДК: 94 (575.2)

Мұхитов К.С., т.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, Казакстан

Мухитов Кабибек Садирович, к.и.н., доцент Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова, Казакстан

Mukhitov Kabibek Sadirovich, candidate of historical Sciences, associate Professor of Atyrau state University named after H. Dosmukhamedov.

ШЕТЕЛ ТАРИХШЫЛАРЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ ЖӨНІНДЕ

ЗАРУБЕЖНЫЕ ИСТОРИКИ ОБ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

FOREIGN HISTORIANS ABOUT INDUSTRIALIZATION IN KAZAKHSTAN

Бұл мақалада шетел тарихшыларының 20 жылдары орын алған индустриализация үрдісі жөнінде жазған еңбектері талқыланады. Сонымен қоса осы үрдістің Қазақстанға тигізген пайдасы мен оның әлеуметтік зардабы сөз болады. Кеңес үкіметі кезінде бұл үрдіс бір жақты зерттелген болатын. Онда индустриализацияның тек пайдалы жағы ғана жазылды. Дегенмен, сол жылдары батыс елдерде бұл үрдіске сын көзбен қарап, оның зиянды жағы кеңінен жазылды.

Қазақстан егемен ел болған соң бұл үрдісті кеңінен зерттеуге мүмкіншілік алды. Осыған орай бұрын-соңды айтылмай келген шетел тарихшыларының пікірі талдана бастады. Бұл мақалада индустриализация жөнінде және оның тигізген әлеуметтік зияны туралы шетел тарихшыларының пікірі талқыланады.

Түйін сөдер: индустриализация, экономикалық реформа, шикізат көзі, зауыт пен фабрика, Түркістан-Сібір теміржол магистралы т.б.

В данной статье обсуждаются труды зарубежных историков по проблеме индустриализации, произошедшей в 20-е годы в нашей стране. Кроме того, речь идет о пользе этого процесса Казахстану и его социальных последствиях. В советском правительстве эта тенденция была изучена в одностороннем порядке. Там написано было только положительная сторона индустриализации. В тоже время, в западных странах историки критически относились на этот процесс, при этом широко зафиксировали его вредную сторону. Теперь в суверенном Казахстане появилась возможность широко изучить этот процесс. В связи с этим, широко проанализируются ранее не упоминавшиеся мнения зарубежных историков, В этой статье обсуждаются мнения зарубежных историков по поводу индустриализации в нашей стране и ее социальные последствия.

Ключевые слова: индустриализация, экономическая реформа, сырьевые источники, завод и фабрика, Туркестано-Сибирская железнодорожная магистраль и др.

This article discusses the works of foreign historians on the problem of industrialization that occurred in the 20s in our country. In addition, we are talking about the benefits of this process for Kazakhstan and its social consequences. In the Soviet government, this trend was studied unilaterally. Only the positive side of industrialization was written there. At the same time, in Western countries, historians were critical of this process and widely recorded its harmful side. Now sovereign Kazakhstan has an opportunity to study this process extensively. In this regard, the previously mentioned opinion of foreign historians has been widely analyzed. This article discusses what foreign historians wrote about industrialization and its consequences.

Keywords: industrialization, economic reform, raw materials sources, plant and factory, Turkestan-Siberian railway, etc.

Кеңес заманында орын алған саяси-әлеуметтік құбылыстарды жаңа заман талабына сай қайта жазу үшін шетелдік тарихшылардың еңбектеріне назар аудару қажет. Себебі, сол кездегі орын алған кеңестік идеологияның кесірінен еліміздің тарихы бір жақты зерттелген болатын.

Қайта зерттеуді қажет ететін тақырыптың бірі - индустриализация тақырыбы болып табылады. Индустриализация тарихын қайта жазу үшін сол кезде жарық көрген шетелдік зерттеушілердің еңбегін сараптап көрейік. Бұл бізге индустриализация тақырыбын кеңінен зерттеуге мүмкіншілік береді.

20-30-шы Қазақстанның дамуын бағалаған шетелдік зерттеушілерді екі топқа бөлуге болады. Олардың біріншісі республикамызда орын алған экономикалық даму мен мұндағы әлеуметтік өзгерістерді оң бағалап, қол жеткен табыстарды атап отырды. Айта кететін бір жай, мұндай зерттеушілер өте аз еді. Келесі зерттеушілер кеңестік шаруашылыққа сыни көз-қараспен қарап, орталықтың экономикалық саясатын «...отаршылдық саясат» деп бағалады. Мұндай пікірдегі зерттеушілер көп болды.

XX ғасырдың 20-шы жылдары дүниежүзінде саяси-экономикалық дағдарыс етек алды. Осыған орай кейбір еуропа елдері бұл дағдарыстан шығу үшін КСРО-мен экономикалық қарым-қатынас орнату керек деп шешті. Мұны біз Веймар республикасы кезіндегі Германиямен қарым-қатынастан көруімізге болады. 20 жылдардың ортасында Германиямен сауда-экономикалық қарым-қатынас орнады. Ал бұл қатынас сол кездегі неміс идеологиясына оң әсерін тигізіп, КСРО-да орын алған экономикалық

жетістіктерді жағымды етіп жазуға себепші болды. Мұны Е.Глезер, Ф.Вейскопф, Е.Ким т.б. еңбектерінен көруге болады [1]. Әсіресе, Ю.Кучинский өзінің «Красная работа. Новый рабочий в Советском Союзе» деп аталатын еңбегінде кеңестік шаруашылықты дағдайға батыстық негізсіз зерттеулерге қарсы шығып, түсті металлургия мен көмір өнеркәсібінің дамуын және транспорт желісінің артуын, Түркістің салынуын кеңестік бесжылдықтың бірден-бір жетістігі деп атап көрсетті.

Кеңестік индустриализацияны жақтап, оның заңды құбылыс екенін жазған ағылшын тарихшысы Э.Х.Карр болды. Ол патшалық Ресейдегі экономикалық реформа мен КСРО-да орын алған индустриализацияның ортақ белгілерін келтірді. Сөйтіп, XIX ғ. 90-шы жылдары орын Виттенің экономикалық реформасы мен КСРО-да жүзеге асырылған кеңестік индустриализация арасында сабақтастық бар деп дәлелдеді. Әрине, бір елдің ішінде жүзеге асқандықтан экономикалық шаралар бір-біріне ұқсас болып келеді. Бірақ, Ю.Виттенің экономикалық реформасы өзінің мазмұны мен мәні жағынан социалистік индустриализацияға мүлдем ұқсамайтын еді. Дегенмен Э.Х.Карр, кеңестік индустриализацияны В.И.Лениннің «...бір елде социализм орнату идеясын жүзеге асырудағы бірден-бір қажетті шара» деп бағалап, «Маркстің өндірістік социализмін» іске асырудағы оң қадам деп көрсетті [2].

Сонымен қоса, бірқатар ағылшын-америкалық кеңестанушылар, индустриализацияның шет аймақтардың дамуына тигізген пайдасын жазды. Солардың бірі Майкл Ривкин. Ол кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізген экономикалық саясатын «молшылық отарлау» деп бағалады.

«Молшылық отарлау-дегеніміз, бұл шет аймақтағы республиканы қанамайды, қайта оның тәуелсіздігі үшін оны қаржыландырып отырады деген мағананы білдіреді. Орта Азияның мұсылмандары қазір төңкеріс жылдарындағыдай емес. Олардың әлеуметтік-экономикалық деңгейі одақтық деңгейге жетіп қалды. Сөйтіп, қазір туысқан ұлттың біріне айналып отыр. Бұл Мәскеудің көмегімен және сол Мәскеудің басшылығымен жүзеге асып отыр»-деп жазды Майкл Ривкин. Бұл пікірге құлақ асуға болады. Дегенмен, кеңес үкіметі Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күреседі деген пікірмен келісу қиын.

Осымен қоса, индустриализация жылдарында Қазақстанның экономикалық дамуына оң баға берген келесі бір ағылшын ғалымы Зев Кац болды. Ол: «Республика мол көлемде мұнай, газ, темір рудасы мен көмір сияқты табиғи байлыққа толы. Өндіріс көлемі жағынан Қазақстан Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынға ие болып отыр. Экономикалық даму қарқыны жағынан бүкіл елдің экономикасының дамуымен салыстырғанда алда келеді. Республикада электр қуатын өндіру ісі жан басына шаққанда Италиядан асып кетті. Ал сауда-саттық ісінде Орта Азия республикаларынан асып түсіп, Ресейден кейінгі екінші орынды алады»-деп жазды [3].

Келесі бір шетелдік зерттеушілер П.Хензе мен М.Холдсворд, шет аймақтағы республикалардың өнеркәсібін дамыту үшін одақтық бюджеттен көп қаржы бөлінгенін айта келе, Орта Азия халықтарының тұрмыстық деңгейі КСРО-ның орталық аудандарында орналасқан халықтың тұрмыстық деңгейімен салыстырғанда әлі де төмен екенін жазды [4].

Неміс зерттеушісі Г.Кох, социалистік индустриализацияның негізгі себебі сыртқы қауіпке байланысты болатын деп дәлелдеді. Қала пролетариаты аз болатын. Сол үшін бүкіл елді индустриализациялау қажет болды. Өнеркәсібі дамыған ел ешқандай сыртқы жаудан қорықпайды және жұмысшы табы көп болса, ол елде пролетариат диктатурасы

берік болады-деп түсіндірді. Дегенмен, Г.Кох, КСРО-ғы индустриализацияның түп мақсаты социализмнің-материалдық-техникалық базасын орнату емес, орталықтанған мемлекеттік секторды күшейту болып табылады-деп атап көрсетті.

Көп жылдар бойы кеңес тарихшылары мен шетел зерттеушілері арасында индустриализация ісіне қаржы жинау мәселесі пікірталастар туғызып келген болатын. Отандық тарихшылар индустриализация ісіне қаржыны шаруашылықты үнемдеу арқылы және национализацияланған өнеркәсіп өнімі мен банк жүйесінің табыстары, ішкі және сыртқы сауда айналымындағы табыс арқылы жиналды деп атап көрсетті. Ал, Г.Штекль, Ф.Штернберг, Э.Эйзендрат, В.Хофман, Г.Кох т.б. неміс зерттеушілері индустриализация ісіне бастапқы қаржыны ауыл шаруашылығы мен социалистік емес элементтерді күйрету арқылы жинады деп дәлелдеді [5].

Рас, Кеңес үкіметі индустриализация жылдарында өнеркәсіп орындарын көптеп ашу үшін шетелден көптеген жаңа техника сатып алуға мәжбүр болған болатын. Сол үшін экспортқа ең өтімді тауар-астық шығару қажет болды. Осыған орай Кеңес өкіметі астық дайындау ісіне ерекше мән беріп, елде ауылшаруашылық секторына төтенше шара енгізді. Бұл шараның негізінде әрбір астық өндіруші өзінің өндірген өнімінің артығын үкіметке төмен бағамен сатуға тиіс болды. Сонымен қоса, әр адамға тиесілі астық мөлшері мен үкіметке сату бағасын мемлекет орындары өздері белгілейтін еді. Ал, астық сатумен айналысқан орта шаруа өкілдері ендігі жерде өзінің артық астығын үкіметке несиеге тапсыруға міндетті болды. Бұл шара ауыл шаруашылық саласында еңбек етіп жүрген шаруалар үшін қолайсыз еді. Сондықтан жер-жерде шаруалардың бас көтерулері орын алып, еліміздің ауыл шаруашылығында әлеуметтік шиеленіс туды. Мұндай келеңсіз жағдайды кеңестік тарих жетпіс жыл бойы айтпай келді. Есесіне оны шетел зерттеушілері кеңінен жазды. Солардың бірі неміс тарихшысы Г.Мейер болатын. Ол өзінің «Дүние жүзінің тарихы» атты еңбегінде КСРО-да орын алған осы мәселеге арнап «Нан рыногының құлдырауы» деп аталатын бір тарауын жазды. Онда автор: «кеңес үкіметі индустриализация барысында әскери коммунизм жылдарында қолданған төтенше шара мен әкімшілік бассыздық арқылы заңсыз тінтулер жүргізді, сөйтіп, елде саяси шиеленіс тудырды, ... шаруалардың мүддесін шектей отырып, кеңес үкіметі астық дайындау жоспарын артығымен орындап, мол астық қорын жинап алды. Бірақ бұл шаруа шаруашылығын жаппай жоюға алып келді. Осы төтенше шараның кесірінен 1928-1934 жылдары нанға карточкалық жүйе енгізілді», -деп жазды.

Көптеген батыс зерттеушілері индустриализацияны жеңіл өнеркәсіптен бастау керек еді деп түсіндіреді. Себебі жеңіл өнеркәсіп қаржы жинауға мүмкіндік туғызатын еді. Ал жеңіл өнеркәсіп дамымай жатып, ауыр өнеркәсіптің күрт дамуы халықтың тұрмыс деңгейін төмендетіп жібереді деді.

В.Хофман мен Е.Беттхер: «...индустриализацияны қарқынды дамыту ісі өзін-өзі реттеп отыратын шаруашылықтың табиғи тепе-теңдігін бұзды»-деп жазды.

Сонымен қатар В.Хофман индустриализация үшін бастапқы қаржыны жинау мәселесіне тоқтай отырып, КСРО-да еңбек құқының сақталмағанын айтады. Мекеме ұжымы мен ұжымшардың арасындағы келісім-шарты XVIII ғасырдағы Петр патшаның жарлығына ұқсағанын жазады. Бірінші Петр патша еңбек адамдарын зауытқа тіркеп қояған болатын.

Ал Мейер болса шаруаларды өнеркәсіп ісіне кеңінен жұмылдыру ісі ауыл шаруашылығына көп зиянын тигізді-деп жазды. Ықтиярсыз еңбектің көрінісі ретінде әйелдердің еңбегін ауыр жұмыстарға пайдаланылғанын мысалға алды. Жалпы

өнеркәсіпте еңбек ететін әйелдердің саны жыл сайын артып отырғанын айта келе, 1939 жылы олардың саны барлық жұмысшылардың 43,3 % құрағанын атап көрсетті.

Э.Беттхер кеңес үкіметінің экономикалық саясатын сынап келе, онда экономикалық дамуды анықтайтын заңдылық жоқ деген пікір айтты. Сөйтіп, «кеңестік экономикалық даму жүйесін субъективті заңдылық анықтайды» деген тұжырымды алға тартты. Сонымен қатар, Г.Раупах («Советская экономика как исторический феномен»), К.Тольгейм («Основные черты советской экономической системы») сияқты кейбір неміс зерттеушілері де осындай пікірде болған екен. [3, 58].

Кеңес үкіметінің индустриализация саясатының көлеңке жақтарын жазған тарихшылардың бірі Б.Мейснер, А.Каргер, И.Тисмер болатын. Олар бұл индустриализацияны «вольонтаристік жаншу» деп бағалады.

Индустриализация жылдарында Қазақстанда тек қана шикізат өндіретін өнеркәсіп орындары дамығаны белгілі. Мұны сол жылдары көптеген шетел зерттеушілері ашық жазып келген болатын. Солардың бірі К.Менерт «Азия, Мәскеу және біз» деген еңбегінде Қазақстанды Ресейдің шикізат көзі болды» деп бағалады. Сонымен қатар «өнеркәсіп орындарын шикізат көзіне мейлінше жақын орналастыру жөніндегі Лениндік принцип бұрмаланды»-деп атап көрсетті.

В.Монтейль, В.Бачковский, А.Парк сияқты шетел зерттеушілері «Орта Азия мен Қазақстанда орналасқан өнеркәсіп орындары, ол сол жерде өндірілген шикізатты алғашқы өңдеу үшін салынды»-деп жазды [4, 271]. Ал Д.Уиллер болса өзінің «Среднеазиатское обозрение» деген еңбегінде КСРО-ның шетаймақтарындағы өндіріс орындары орталықты шикізатпен қамтамасыз ету үшін ғана салынды деп атап көрсетті.

Ағылшын тарихшысы У.Коларц өзінің «Ресей және оның отарлары» деп аталатын еңбегінде: «Кеңес Одағының орыстан басқа халықтардың жерінде іске қосылған әрбір жаңа фабрикасы, әрбір көмір шахтасы, әрбір жаңа мұнай бұрғысы негізінен жергілікті халықтың мүддесіне емес, великоростарға қызмет жасайды»-деп жазды [6].

А.Парк Орталық Азияда қызмет еткен орыс коммунистері өнеркәсіп орындарына жергілікті жердің өкілдерін тартуға қарсы болды. Себебі әлі де болса жұмыссыздық бар еді. Сондықтан конкуренциядан қорықты деп жазды. П.Хензе деген зерттеуші шет аймақтарда тұратын өзге ұлттың жұмысшылары көпшілік жағдайда жалақысы аз әрі ауыр жұмыстарда ғана еңбек етті. Ал жалақысы көп қызмет орындарында орыстар жұмыс істеді деп жазды [3, 234].

Орта Азия мен Қазақстанға байланысты көп еңбек жазған Баймырза Хаит болатын. Оның «20 ғасырдағы Түркістан», «Ресей мен Қытайдың арасындағы Түркістан», «Кеңестік-орыстық отарлау мен Түркістандағы империализм» деген еңбектері Германия, Ұлыбритания, Нидерландия, Түркияда жарық көрді. Өз еңбектерінде Б.Хаит, кеңес өкіметінің ұлттық саясаты патшалық Ресейдің отарлау саясатының жалғасы болып табылады деген пікір айтты. Ал, 1917 жыл мен жиырмасыншы жылдардың басында орын алған саяси құбылыс, бұл тек Түркістанды қайтып жаулап алу ғана. 1917-1924 жылдар арасында Қазақстанда әлі де болса ұлттық мемлекет болса, ал жиырмасыншы жылдардың ортасынан бастап екінші дүние жүзілік соғыстың қарсаңына дейін «жалған қуыршақ мемлекет» болды, сөйтіп, Қазақстанда «кеңестену процесі жүрді» деді. «Кеңестік-орыстық отарлау мен Түркістандағы империализм» деген еңбегінде Баймырза Хаит: «Кеңес өкіметінің Орта Азия мен Қазақстанда жүргізіп отырған саясаты осы аймақтың шикізат көзін игеру үшін ғана қажет еді» деп жазды [1, 154].

Келесі бір ағылшын зерттеушісі Ги Имарт: «Кеңестік экономика өне-бойы жойылып кету қарсаңында тұрғандықтан оның мазмұны отарлау үлгісіне сай келеді. Ал Қазақстан негізінен шикізат өндіретін ел. Сондықтан ол, орталықты шикізатпен қамтамасыз етіп отыр. «Отарлаушы империя» деген атау КСРО-ға жарасады. Ол славяндар мен славян еместер арасындағы теңсіздікті білдіреді» деп атап көрсетті. Осы сияқты көптеген мысалдарды келтіруге болады. Бір сөзбен айтқанда бірқатар шетел зерттеушілері сол кездің өзінде кеңестік тарихшылар айта алмаған шындықты жазып кеткен екен [3, 59].

Қазақстан 20-30 жж экономикалық жағынан күрт дамыған республикаға айналды. Бұрын-соңды болмаған зауыт-фабрикалар салынып, көмір, түрлі-түсті металл және мұнай өндіретін кен орындар ашылды. Одақтық маңызы бар темір жол желісі Түркістан-Сібір темір жол магистралы пайдалануға берілді. Сөйтіп, жиырмасыншы-отызыншы жылдарда Қазақстан өндіріс кәсіпорындары бар республикаға айналды. Тарихи объективтіліктікпен қарағанда мұны жетістік деп мойындауымыз керек. Дегенмен, елімізде жүзеге асқан индустриализацияны айтқанда орын алған қателіктер мен оның тигізген әлеуметтік зардаптарын айтпай кетуге болмайды. Ең бастысы бұл процесс қазақ халқының өзіндік ерекшелігін ескермей жүзеге асты. Нәтижесінде дәстүрлі шаруашылық құлдырап, халық ашаршылыққа душар болды. Одақтық мүддеге ыңғайлы болу үшін республикамыз негізінен шикізат көзіне айналды. Жергілікті халықтан көпшілік жағдайда қол еңбегімен айналысатын қара жұмысшы ғана қалыптасты. «Кеңестену», «орыстану», «интернационализм» саясаты салдарынан республикамызға басқа ұлт өкілдері көбейді. Нәтижесінде олардың саны Қазақстан халықтарының тең жартысын құрады. Социализм идеясына жат пиғылда болды деген айыппен ұлттық зиялы қауымды құртты, қазақ ұлтының рухани дамуына көп кедергі жасады [3, 60]. Бұл да тарихи шындық. Мұны көп жылдар бойы жабық болып келген жаңа құжаттардан көріп отырмыз. Оны шетелде жарық көрген еңбектерден де көре аламыз. Отандық тарихты жан-жақты қайтадан зерттеу үшін осындай кереғар пікірлердің бәрін ескерген дұрыс. Сол үшін де біз шетел зерттеушілерінің еңбегін кеңінен білуіміз керек. Мұны бізден тарих ғылымы талап етіп отыр.

Әдебиеттер/Адабияттар/Литературы:

- 1] Таштемханова Р.М.- Немецкая школа Среднеазиатведения и Казахстаники. Учебное пособие. Павлодар, 2005, 352 с., с. 148.
- 2] Величко О.И., Олегина И.Н. «Индустриализация СССР и ее трактовка в современной буржуазной советологии» //Критика буржуазной историографии Советского общества. Сборник статей. М., 1972, 412 с. с.151.
- 3] Қ. С. Мұхитов, «Шетел тарихшылары Қазақстандағы индустриализация процесі жөнінде», //«Отан тарихының келелі мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы. Атырау, 2008, 57-60 бб, б 57.
- 4] Новоселов К, «Против буржуазных фальсификаторов истории Средней Азии». Ашхабад, 1962, с. 319, с. 234.
- 5] Таштемханова Р.М.- «Изучение некоторых проблем экономики Казахстана 1920-1930-х гг. в немецкой историографии». 96-97 бб.
- 6] Есмағамбетов К. «Қазақтар шетел әдебиетінде» А., 1994 ж. 240 б. б. 161.